



**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**  
біліктілікті арттыру курсы  
**«Музыка мұғалімінің кәсіби қызметіндегі**  
**«Soft way to Mozart» инновациялық музыкалық-компьютерлік**  
**технология»**

**1. Жалпы ережелер**

"Музыка мұғалімінің кәсіби қызметіндегі "Soft way to Mozart" инновациялық музыкалық-компьютерлік технологиясы" тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) білім беруді цифрландыру және Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінде заманауи технологияларды белсенді қолдану жағдайында педагогтерді оқытудың инновациялық әдістемесі болып табылады.

Тыңдаушылар санаты: жалпы білім беретін мектептердің музыка мұғалімдері және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің музыка жетекшілері, балалар музыка мектептерінің (БММ) оқытушылары, музыка, педагогикалық колледждер мен жоғары оқу орындарының оқытушылары.

**Курстың оқу-тақырыптық жоспары**

Кесте 2.

№	Тақырыбы	Сағаттар саны				Барлығы
		дәріс	практ.	ТӨЖ	бағалау	
<b>1 Модуль. Софт Моцарт музыкалық-компьютерлік бағдарлама</b>						
1.1	Ноталықстан жүйе ретінде. Бағдарламалық қамтамасыз етудің ерекшеліктері.	2				2
1.2	Музыкалық білім берудің негізгі мәселелері және олардың салдары. Музыкалық педагогика	2				2

	проблемаларының пайда болуының тарихи аспектісі.					
1.3	Музыкалық технологиялар – музыканы оқытудағы жетістік ретінде. Музыканың кеңістіктік элементтерінің бірыңғай жүйесі.	2				2
1.4	Софт Моцарттың құрамдас компоненттері. Софт Моцарт бағдарламасындағы клавиштік аспаптардың рөлі.	2				2
1.5	Бағдарламалық жасақтама және аппараттық құрал. Жабдық пен бағдарламаны орнату	2				2
1.6	Gentle Piano – ноталарға жауапты модуль.	2				2
<b>ТӨЖ 1:</b> Өзі туралы, Софт Моцарт бағдарламасы және бағдарламаны меңгергеннен кейінгі Сіздің негізгі мақсатыңыз туралы эссе жазу (300 сөз)				2		2
<b>2 Модуль. X.Хайнер әдістемесінің негізгі модульдері</b>						
2.1	Софт Моцарт жүйесінің материалдары	2	6			8
2.2	Бағдарламалық жасақтаманың ойын модульдері. Ыстық пернелер түрлендіргіш және пьесалар кітапханасы	2	4			6
2.3	Софт Моцарт технологиясымен көз-қол үйлестіруді дамыту.	2	5			7
2.4	Guess Key, Note Duration, Note Alphabet модульдері		4			4

2. 5	Fruit lines, Treble and Bass Staff Puzzle модульдері		4			4
2. 6	Сабақтарға дайындық кезіндегі баспа, аудио және бейне материалдар. Бағдарламалық жасақтама және қағаз материалдары. Карточкалар	1	4			5
2. 7	Музыкалық әліпбиді үйрететін ән. Ертегілер. Теория Театры.	1	2			3
<b>ТӨЖ 2. Gentle Piano модулі. 4.0</b> деңгейдегі 2 пьесаны №6 презентацияда орындау. Бейнежазба жазу (міндетті тұрғыда нәтижені-бағдарламадағы сандарды түсіру).				5		5
<b>3 Модуль. Орындаушыны музыкалық оқыту мен дамытудың педагогикалық аспектілері</b>						
3. 1	Музыкалық жазылым. Есту жаттығуларына арналған бейнежазба. Оқу бейнежазбалары (Teaching videos)		2			2
3. 2	Тұлға ретінде оқушыны музыка арқылы тиімді дамыту. Жұмсақ оқыту		2			2
3. 3	Қолды дамыту кезеңдері. Аппликатура. Пьесамен жұмыс жасау кезеңдері.		2			2
3. 4	Ерте мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс (2-ден 5-ке дейін). Балалар мекемелері мен мектептерінде топтық оқыту. Мектептер мен музыкалық колледждердің орта және бітіруші сынып оқушылары. Дамуында шектеулері бар балалар.		4			4

	Ересек жаңадан бастаушыларды үйрету					
3.5	Оқу курсының негізгі принциптері. Қашықтағы платформалар: «Софт Моцарт» және Хайнер әдісі жүйесі бойынша жұмыс ерекшеліктері		4			4
<b>ТӨЖ 3:</b>	Жаңадан бастаушылармен бірінші сабақтың қысқа мерзімді жоспарын әзірлеу (Моцарт бағдарламалық жасақтама жүйесінің элементтерін қосу)			3		3
<b>4. Модуль Оқытуды қорытынды бағалау</b>						
Қорытынды тест					2	
Рефлексивті есеп					3	
Консультация және тыңдаушыны әдістемелік қолдау					2	
<b>Жиынтығы:</b>		<b>20</b>	<b>43</b>	<b>10</b>	<b>7</b>	<b>80</b>
<b>Барлығы:</b>						<b>80</b>
Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут ТӨЖ – тыңдаушының өзбетіндік жұмысы						

## 9. Курстан кейінгі қолдау

**Курстан кейінгі қолдау** білім беру бағдарламасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Курстан кейінгі қолдау оның курстан кейінгі қызметіне үздіксіз мониторинг жүргізу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруды және дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесін білдіреді.

Курстан кейінгі қолдаудың **мақсаты** - алған білімдері мен дағдыларын кәсіби қызметке табысты енгізуді қамтамасыз ету және педагогтардың тұрақты кәсіби өсуіне ықпал ету.

**Қолдау форматы** мыналарды қамтиды:

-Қарым-қатынас пен тәжірибе алмасуға арналған Онлайн-платформа: сүйемелдеудің жетекші нысаны-мұғалімдер тәжірибе алмасуға, кеңес алуға және жұмыс нәтижелерімен бөлісуге болатын онлайн-платформаны немесе

мессенджерді пайдалану. Бұл курсты аяқтағаннан кейін де белсенді кәсіби қоғамдастықты сақтауға мүмкіндік береді.

- Тұрақты вебинарлар мен онлайн семинарлар: курс сарапшылары мен оқытушыларының қатысуымен тұрақты вебинарлар өткізіледі. Бұл тәрбиешілерге кәсіби дайындықтың жоғары деңгейін сақтауда көмектеседі.

- Қашықтықтан кеңес беру: курс тыңдаушылары оқытушылар мен сарапшылардан жеке кеңес ала алады, бұл туындаған мәселелерді жедел шешуге және педагогикалық практиканы түзетуге мүмкіндік береді.

### **Курстан кейінгі қолдау формалары**

- Жеке қолдау (тәлімгерлік): тәжірибелі педагог-тәлімгерлер курстардан өткен әріптестеріне жаңа тәсілдер мен әдістемелерді оқу процесіне біріктіруге көмектесу арқылы қолдау көрсетеді. Тәлімгерлік, әсіресе жаңа білімді іс жүзінде қолдануда қиындықтарға тап болған жас мамандар немесе тәрбиешілер үшін өте маңызды.

- Топтық қолдау (мастер-класстар, шығармашылық шеберханалар): тұрақты мастер-класстар ұйымдастырылады, онда педагогтар өздерінің табысты тәжірибелерімен бөліседі, жаңа әдістемелер мен технологияларды көрсетеді, практикадан нақты жағдайлар мен сценарийлерді талқылайды.

- Кәсіби қауымдастықтар (кәсіби қауымдастықтар, әлеуметтік желілердегі топтар): педагогтарды кәсіби қауымдастықтарға немесе одақтарға қосу ресурстарға, оқиғаларға және желілік мүмкіндіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл одан әрі кәсіби дамуға ықпал етеді.

- Әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде топтар мен чаттар құрылады, онда педагогтар жаңалықтармен, идеялармен, материалдармен алмасып, жедел қолдау ала алады.